

ХАТТАМА № 1

Өткізілген күні: 2026 жылғы «02» қыркүйек

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, жас мамандар, тәлімгер мұғалімдер (барлығы 18 адам)

Төрайымы: Мектеп директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Өміртаева С.Б.

Хатшы: Төленді Исламбек Нұрланұлы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2025–2026 оқу жылында Жас мамандар бірлестігінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
3. Әдістемелік нұсқаулық хатпен және нормативтік құжаттармен таныстыру.
4. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту. Бұйрықпен таныстыру. Тәлімгерлер мен жас мұғалімдер арасындағы жұмыс жоспарын құру және бекіту.
5. Бағдарламаға сай күнтізбелік-тематикалық жоспарды құруды үйрену.
6. 2026–2027 оқу жылына арналған оқулықтар тізбесі.

1. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДООҰЖО С.Б. Өміртаева сөз алды. Ол өткен 2025–2026 оқу жылында Жас мамандар бірлестігі аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады. Өткен оқу жылында жас мамандардың кәсіби адаптациясы, ашық сабақтар өткізуі, педагогикалық шеберлікті арттыру бағытындағы шаралар жүйелі жүргізілгені аталып өтті. Сондай-ақ қол жеткізілген жетістіктермен қатар, алдағы уақытта назар аударуды қажет ететін кейбір әдістемелік мәселелерге тоқталды.

Шешім:

1. 2025–2026 оқу жылындағы Жас мамандар бірлестігінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Өткен оқу жылындағы кемшіліктер ескеріліп, жаңа оқу жылында тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша ДОӘІЖО С.Б. Өміртаева 2026–2027 оқу жылына арналған Жас мамандар бірлестігінің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда жас мұғалімдерді әдістемелік тұрғыдан қолдау, кәсіби шеберліктерін шыңдау, ашық сабақтар мен семинарлар ұйымдастыру, педагогикалық этика мен психологиялық бейімделуге арналған тренингтер қарастырылған.

Сұрақтар мен ұсыныстар:

Жас мамандар тарапынан жұмыс жоспарына қатысты сұрақтар қойылып, ұсыныстар енгізілді.

Шешім:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Жас мамандар бірлестігінің жұмыс жоспары мақұлданып және бекітілсін.

3. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша ДОӘІЖО С.Б. Өміртаева жас мамандарды жаңа оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хатпен (ӘНХ) және білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖББС), үлгілік оқу бағдарламалары, ТЖБ/БЖБ бағалау критерийлері) таныстырып өтті. Нормативтік талаптарды қатаң сақтау және оқу процесіне дұрыс енгізу керектігі ескертілді.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылындағы Әдістемелік нұсқаулық хат және нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Жас мамандар оқу процесін ұйымдастыруда нормативтік талаптарды қатаң сақтасын.

4. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша ДОӘІЖО С.Б. Өміртаева мектеп директорының жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту туралы бұйрығымен таныстырды. Тәжірибелі жоғары және педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаты бар мұғалімдер жас мамандарға тәлімгер ретінде бекітілді. Сондай-ақ тәлімгерлер

мен жас мұғалімдер арасындағы біріккен жұмыс жоспарын құру және оны бекіту тәртібі түсіндірілді.

Сөз алды:

Бекітілген тәлімгер мұғалімдер жас мамандарға сабақ жоспарлауда, сыныпты басқаруда және әдістемелік көмек көрсетуде үнемі қолдау білдіруге дайын екендіктерін жеткізді.

Шешім:

1. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту туралы бұйрық назарға алынсын.
2. Тәлімгерлер мен жас мұғалімдер арасындағы жеке жұмыс жоспарлары осы аптаның соңына дейін құрылып, бекітуге ұсынылсын.

5. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша ДОӘІЖО С.Б. Өміртаева мен тәлімгер мұғалімдер жас мамандарға үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тематикалық жоспарды (КТЖ) дұрыс құру бойынша практикум өткізді. КТЖ құруда сағат сандарының бөлінуі, БЖБ және ТЖБ даталарының дұрыс қойылуы, оқу мақсаттарының қамтылуы жан-жақты түсіндірілді.

Шешім:

1. Жас мамандар тәлімгерлердің көмегімен пәндер бойынша КТЖ-ны белгіленген мерзімде сапалы етіп құрып, бекітуге тапсырсын.

6. МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша ДОӘІЖО С.Б. Өміртаева 2026–2027 оқу жылында пайдалануға ұсынылған бекітілген оқулықтар тізбесін таныстырды. Мектептегі білім беру процесінде тек бекітілген баспалардың оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін (ОӘК) пайдалану керектігі атап өтілді.

Шешім:

1. Сабақ өту барысында ҚР Ғылым және білім министрлігі бекіткен оқулықтар тізбесі басшылыққа алынсын.

Төрайымы: С. Өміртаева С.Б. Өміртаева

Хатшы: И.Н. Төленді И.Н. Төленді